

Балаларға арналған Киелі кітап  
ұсынады

Алғашқы  
Қайта тірілу  
мейрамы



**Мәтінін жазған: Edward Hughes**

**Суретін салған: Janie Forest  
Alastair Paterson**

**Бейімдеген: Lyn Doerksen**

**Қазақ тіліне аударған: Christian Lingua**



**Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)**

**©2020 Bible for Children, Inc.**

**Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.**



**Дабырлаған халық. Төбенің  
ылдиында бір әйел тұр.  
Мұңға толы көздерімен  
жан түршіктіретін  
көрініске қарап тұр.  
Өзінің туған ұлы  
өлім аузында.  
Бұл ана Мәриям  
болатын, ол  
айқыш ағашқа  
шегеленген  
Исаға жақын  
жерде тұр.**





**Бұл қалай болды?  
Сондай тамаша өмірін  
қалайша Иса осындай  
жаман жолмен аяқтады?**

**Неге Құдай  
Өз Ұлының  
айқыш  
ағашқа  
шегеленіп өлуіне**

**жол берді? Иса Өзінің  
Кім екенін айтқанда  
қателесті ме?  
Құдайдың еркі  
сәтсіздікке  
ұшырады ма?**





**Жок! Құдай сәтсіздікке ұшыраған жоқ. Иса ешқандай қателік жіберген жоқ. Зұлым адамдардың Өзін өлтіретінін Иса әрқашан білген. Тіпті, Иса Сәби болғанда-ақ, Шимон есімді қарт кісі Мәримға қасірет шегетінін айтқан болатын.**



**Исаның  
өліміне  
дейін бірнеше  
күн қалғанда,  
бір әйел келіп,  
Исаның аяғына  
хош иісті май жаққан  
болатын. Сонда шәкірттері:  
"Ол ақшаны далаға  
шашып жатыр," -деп  
наразылық білдірді.  
Ал Иса: "Ол жақсы нәрсе істеді.  
Ол осыны істеуі арқылы Менің  
денемді қабірге қоюға дайындады,"  
- деді. Қандай таңданарлық сөз!**



**Осыдан кейін Исаның  
он екі шәкірттерінің бірі  
Яһуда Исаны ұстап  
беру үшін бас діни  
қызметкерлермен  
отыз күміс  
теңгеге келісті.**



**Яһудилердің Құтқарылу мейрамының қарсаңында Иса шәкірттерімен соңғы асқа отырды. Ол Құдай туралы және Оны сүйетіндерге Құдайдың берген уәделері жайында айтып берді.**






**Содан кейін Иса  
оларға нанды үзіп беріп,  
тостағанды ұсынды. Бұл  
Исаның тәні мен қаны  
күнәлардан кешірім  
алуға берілгенін олардың  
есіне салу үшін істелді.**



**Содан кейін Иса Өзінің ұстап берілетінін және олардың Өзінен безіп кететінін шәкірттеріне айтты. "Мен безіп кетпеймін!" - деді Петір. Иса оған: "осы түні-ақ әтеш шақырғанша, сен Менен үш рет танасың!" - деді.**





Сол түні Иса сиыну үшін Гетсиман бағына барды. Онымен бірге болған шәкірттері ұйықтап қалды. Иса: "О, Әкем, мүмкін болса, осы тостағанды Маған жолата көрме. Алайда Менің емес, Сенің еркіңе сай болсын!" - деп сиынды.



Кенеттен Яһуда бастаған үлкен бір топ адам баққа кіріп келді. Иса еш қарсыласқан жоқ, ал Петір келгендердің біреуінің құлағын шауып түсірді.

Иса ақырын ғана сол адамның құлағына қолын тигізіп, сауықтырып жіберді. Иса Өзінің тұтқындалуының Құдайдың еркі екенін білді.



Исаны тұтқынға алғандар Оны бас діни қызметкердің үйіне апарды. Сол жерде Яһуди

жетекшілері Исаны өлуі керек десті.

Петір сол жерде қызметкерлермен

бірге оттың

жанында

жылынып

қарап тұрды.




Адамдар Петірге қарап, үш рет "Сен де Исамен бірге жүретінсің!" - деді. Иса алдын ала айтқандай,

Петір үш ретте де мойындамай, бас тартты. Ол, тіпті, ант ішіп, қарғанды.




**КУ-КА-РЕ-КУ**



**Сол сәтте-ақ әтеш  
шақырды. Бұл Петр  
үшін Құдайдың Өзі  
сөйлеп тұрғандай болып  
көрінді. Петірдің есіне  
Исаның айтқан сөзі  
түсіп, қатты жылады.**





**Яһуда да істеген ісіне өкінді.  
Ол Исаның еш жазықсыз  
екенін білді. Ол отыз күміс  
теңгені діни қызметкерлерге  
қайтып апарып берді, бірақ  
олар оны қабылдамады.**







**Яһуда ақшаны  
киелі үйдің ішіне  
лақтырып жіберіп,  
шығып кетті де,  
барып, асылып  
өлді.**






**Діни қызметкерлер Исаны римдік әмірші Пилатқа алып барды. Пилат оларға: "Мен бұл Адамнан ешқандай кінә таппай тұрмын," – деді. Бірақ олар "Айқышқа шегеленсін, айқышқа!" деп айқайлай берді.**




**Ақырында Пилат олардың айтқандарына көніп, Исаны айқышқа шегелеп іліп өлтіруге үкім шығарды. Жасақшылар Исаны ұрып, бетіне түкіріп, соққыға жықты. Олар ұзын тікенектері бар бұталардан "тәж" жасап, оны Исаның басына басып кигізді. Содан кейін олар Исаны айқыш ағашқа шегеледі.**



**Осылай өлетінін Иса әрқашан білді. Сондай-ақ,  
Оның өлімі Өзіне сенім артқан күнәкарларға  
кешірім алып беретінін де білді. Исамен бірге екі**

**қаракшыны да айқыш  
ағаштарға шегелеп  
қойған болатын.  
Олардың біреуі  
Исаға сеніп,  
жұмаққа барды.  
Ал екіншісі  
сенбеді.**



**Бірнеше сағат қиналғаннан кейін, Иса: "Енді түгел орындалды," - деді де, басын иіп, жан тапсырды. Оның қызметі аяқталды. Достары Оны қабірге апарып қойды.**



**Содан кейін римдік жасақшылар  
қабірдің қақпақ тасын  
мөрмен бекітіп, оның  
айналасына күзет  
қойды. Енді ешкім  
де оған кіре  
не одан шыға  
алмайтын еді.**



**Егер бұл оқиға осымен аяқталса, қандай өкінішті болар еді! Бірақ Құдай бір таңғажайып нәрсе істеді. Иса өліп қалған жоқ!**




**Жексенбі күні таңертең Исаның кейбір шәкірттері қабірдің аузындағы тастың домалатылып, былай қойылғанын көрді. Олар қабірдің ішіне кіріп қараса, онда Иса жоқ болып шықты.**





**Бір әйел қабірдің алдында жылап тұрды. Иса оған көрінді! Ол басқа шәкірттерге қуанышты хабарды жеткізу үшін жүгіре жөнелді. "ИСА ТІРІ! ИСА ӨЛІМНЕН ҚАЙТА ТІРІЛДІ!"**





**Көп уақыт өтпей Иса шәккірттеріне келді. Оларға қолындағы шегенің іздерін көрсетті. Бұл шындық. ИСА ҚАЙТА ТІРІЛДІ! Ол Петірдің Өзінен бас тартқаны үшін оны кешірді және шәкірттеріне Өзі туралы барлық адамдарға айтуын тапсырды. Содан кейін Ол көкке көтеріліп кетті.**



# Алғашқы Қайта тірілу мейрамы

Құдайдың Сөзінен, Киелі кітаптан әңгіме

табылады

Матай 26-28, Лұқа 22-24,  
Жохан 13-21

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."  
Забур 119:130



СОЏЫ



Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді  
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын  
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.  
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,  
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.  
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің  
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,  
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,  
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,  
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,  
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін  
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

